«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ»

«БЕКІТЕМІН»
Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор / Проректор по исследовательской деятельности и инновации
_____ Е.Сұлтан
«___» _____ 2024 ж/г.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ / ГОДОВОЙ ОТЧЕТ ПО НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЕ

_____ҚҰҚЫҚТАНУ кафедрасы/ кафедра ЮРИСПРУДЕНЦИИ_____
(кафедраның толық атауы / полное наименование кафедры)

за 2024 ж/г.

Факультет деканы, институт директоры /
Декан факультета, директор института _____ Г.Қ. Кенжебаев
қолы / подпись *аты-жөні / Ф.И.О.*

Кафедра меңгерушісі /
Заведующая кафедрой _____ Ж.Ю Сайлибаева
қолы / подпись *аты-жөні / Ф.И.О.*

Ғылым департаментінің директоры /
Директор департамента науки _____ У.М.Абдигапбарова
қолы / подпись *аты-жөні / Ф.И.О.*

Алматы,
2024 ж. / г.

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ»

«БЕКІТЕМІН»
Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор / Проректор по исследовательской деятельности и инновации

_____ Е.Сұлтан

«___» _____/_____2024 ж/г.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ / ГОДОВОЙ ОТЧЕТ ПО НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЕ

_____ҚҰҚЫҚТАНУ кафедрасы/ кафедра ЮРИСПРУДЕНЦИИ_____
(кафедраның толық атауы / полное наименование кафедры)

за 2024 ж/г.

Факультет деканы, институт директоры /
Декан факультета, директор института _____ Ғ.Қ. Кенжебаев
қолы / подпись *аты-жөні / Ф.И.О.*

Кафедра меңгерушісі /
Заведующая кафедрой _____ Ж.Ю Сайлибаева
қолы / подпись *аты-жөні / Ф.И.О.*

Ғылым департаментінің директоры /
Директор департамента науки _____ У.М.Абдигапбарова
қолы / подпись *аты-жөні / Ф.И.О.*

Алматы,
2024 ж. / г.

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП ҚҰРЫЛЫМЫ

Бөлімшенің ғылыми-зерттеу жұмысының жай-күйін бағалау:

«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ, Тарих және құқық институтының Құқықтану кафедрасы 7М04201 – Құқықтану (НПН); 7М04201 - Құқықтану (бейіндік); 6В04202 - Құқықтану; 6В04201 - Құқықтану: сот – прокурорлық қызмет, 6В01406-Құқық және кәсіпкерлік негіздері білім беру бағдарламалары аясында бакалавриат, магистратура бойынша дайындауды жүзеге асырады.

Құқықтану кафедрасының ҒЗЖ қазіргі жағдайы ғылым саласындағы жалпы университеттік саясат шеңберіне байланысты кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы келесі бағыттар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізеді: мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық, қылмыстық құқық, қылмыстық-процестік құқығы, азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу құқығы, нотариат, жедел іздестіру қызметі, криминалистика, криминология, сот сараптамасы, адвокатура.

ҒЗЖ шеңберіндегі тақырыптардың өзектілігі құқықтық тәжірибеге, жалпы құқық теориясына және конституциялық, азаматтық және қылмыстық құқық түріндегі салалық құқыққа сұраныстардың жоғары деңгейіне байланысты. Олардың өзектілігі мемлекеттің әлемдік құқықтық кеңістікке кіру жөніндегі жалпы саясатын және ұлттық құқықтың әлемдік стандарттарға сәйкестігін ескере отырып артады.

ҚР ҒЖБМ қаржыландыратын 5 ғылыми жоба бойынша төмендегі профессорлық-оқытушылық құрам ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде:

1. «Адамдардың жекелеген санаттарын чиптеу арқылы құқық бұзушылықтың кейбір түрлерін жасауға қарсы іс-қимыл шаралары». ЖРН AP19676297 2024-2026 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» ММ жобасы. Жетекші: Сералиева А.М. - з.ғ.к., қауым.профессор (доцент), Казиева А.Н. - э.ғ.к., қауым.профессор (доцент) м.а.

2. «Қазақстандағы лудоманияны интегративті зерттеу және оны азайтудың көпсалалы стратегиялары». BR24992927-ОТ24. 2024-2026 жылдарға арналған ҚР ҒЖБМ жобасы. Жетекшісі: Толеубекова Б.Х. – з.ғ.д., профессор; Османова Г.Ж. – PhD, қауым.проф. м.а. (доцент) (орындаушы).

3. «Қазақстандағы білім беруді құқықтық реттеу проблемаларын, балалардың құқықтарын қорғау жүйесін зерттеу». Жас ғалымдар. 2022-2024 жылдарға арналған ҚР ҒЖБМ жобасы. Жетекшісі: Рахимова Г.Н.- PhD.

4. «Қазақстан Республикасында интеграциялық процестерді дамыту жағдайындағы азаматтық және азаматтығы жоқтықты қысқарту». AP14870745-ot – 24. 2024-2026 жылдарға арналған ҚР ҒЖБМ жобасы. Орындаушы: Тайторина Б.А. з.ғ.д., профессор.

5. «Қалыптыдан кейінгі кезеңдегі исламның рухани-мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыс ретіндегі әсері мен перспективалары: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі», ИРН BR21882428. 2024-2026 жылдарға арналған ҚР ҒЖБМ жобасы. Орындаушылар: Калкаева Н.Б. з.ғ.к., қауым.проф. (доцент), Тұрлыханқызы Қ - аға оқытушы.

Аталған зерттеулер нәтижесінде халықаралық конференцияларда, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК журналдарында, импакт факторы бар журналдарда ғылыми мақалалар жарияланып, авторлық куәліктер мен сертификаттар алынды.

Ғылыми жобалардың үшеуіне кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы жетекшілік етсе, екі ғылыми жобада орындаушы функциясын атқарады. Барлық ғылыми жобаларға бірегейлік тән, өйткені бұл проблемалар күні бүгін өзекті, концептуалды деңгейде зерделеуді қажет ететін мәселелер болып саналады. Барлық тақырыптар қылмыстылықтың алдын алудағы тиімді жолдарды анықтау, азаматтар арасында құмар ойынның құрбаны болумен күресу, азаматтық алу мәселесін шешу, ҚР-да білім беру жүйесін құқықтық реттеу, бала құқықтарын қорғау сияқты өзекті мәселелерді қозғайды.

Осы жобалардың нәтижелері заңнамалық деңгейде, оның ішінде Парламент пен Министрлер Кабинетінде қарау үшін ұсынылып отыр.

Кафедраның ПОҚ жұмыс істейтін ғылыми жобалардың инновациялылығы және олардың жаңалығы ұлттық құқық шеңберінде конституциялық, қылмыстық, әкімшілік және азаматтық заңнамаларды түбегейлі жаңғыртуға бағытталған жалпы мемлекеттік бағдарламамалармен айқындалады.

Жобаларды коммерцияландыру дәрежесі монографияларды іске асыру, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің әзірленген жобалары бойынша заңнамалық қызметке қатысуға мүмкіндік берілді.

2024 жылы кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы республикалық, жақын және алыс шет елдердің басылымдарында, оның ішінде импакт-факторы бар журналдарда ғылыми мақалалар дайындау және жариялау, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, ғылыми семинарларға қатыса отырып, ғылыми біліктілік деңгейлерін арттырады. Сонымен қатар, жыл сайынғы «Қазіргі кезеңдегі құқық, экономика және білім берудің өзекті мәселелері: теория және тәжірибе» тақырыбында сырттай халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылады (Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасы, 12 сәуір 2024 ж.).

Құқықтану кафедрасы қызметінің негізгі бағыты топ + QS World University Rankings қатарына кірді. Осы деңгейді көтеру мақсатында кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы жан-жақты жұмыс жасауды көздейді.

Ғылыми-зерттеу қызметі 2024 жылы өткізілген ғылыми семинарларды өткізуді де қамтиды, ғалымдар мен практиктерді шақыра отырып, вебинарлар өткізілді. Сонымен қатар, кафедраның профессорлық-оқытушылық құраммен жариялауға дайындалып жатқан жұмыстары кафедра отырыстарында талқыланады. Зерттеу нәтижелері, ғылыми саладағы дәстүрлерді сақтау олар ғылыми атақтар алу үшін қолданылады.

Есеп беру кезеңінде құқық қорғау органдарының, прокуратура, сот, адвокаттардың, психологтардың, әкімдіктің қатысуымен түрлі тақырыптарда вебинарлар өткізілді. Атап айтқанда:

- 14.11.2024 күні з.ғ.д., қауымдастырылған профессор Бижанова А.Р., PhD доктор Рахимова Г.Н., PhD доктор Османова Г.Ж. ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы қызметкерлері Нарбаев Бекзат Мұхтарұлы мен Тындыбаев Қуаныш Құдайбергенұлы қатысуымен өткізілген «Антитеррорлық қауіпсіздік нұсқаулығын түсіндіру іс-шарасы» Тарих және құқық факультетінің барлық студенттері мен профессорлық –оқытушылық құрамның қатысуымен жоғары дәрежеде өтті.

- 12.11.2024 күні Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және Алматы қаласының прокуратурасы арасында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Аталған шараға Университет ректоры Б.А.Тілеп қатысып, прокуратура өкілдерін Абай кітапханасымен таныстырды.

- 21.05.2024 күні з.ғ.д., профессор Төлеубекова Б.Х. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот жанындағы Сот төрелігі академиясының шақыруы бойынша «Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды тергеу мен қараудың процессуалдық аспектілері» атты тақырыпта қонақ дәріс оқыды.

- 09.11.2024 күні Алматы қаласы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқықтары бөлімінің басшысы Еркебұлан Жетпісбаев «Қазақстан Республикасының Әділет органдары» тақырыбында «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 1-курс студенттеріне қонақ дәріс өткізді. Қонақ дәрісті кафедраның аға оқытушы, PhD докторы Рахимова Гакку Нұрланқызының қйымдастырылуымен өтті.

«Ғылым онкүндігі-2024» аясында Тарих және құқық институтының Құқықтану кафедрасының ұйымдастыруымен сәуір айында бірнеше төмендегідей іс-шаралар өткізілді:

- «Адвокатура – қоғам мен мемлекет қорғаушысы» тақырыпта ғылыми семинар ұйымдастырылып, Алматы қаласы адвокаттар алқасының адвокаттары Түсіпова Асем Мәлсовна, Кішкенебаева Эльнура, Халықова Динара, Окапова Гүлхан қатысып, адвокатураның ролі, адвокаттық қызметті таңдаудағы ерекшеліктер және тәжірибедегі қызығы мен қиыншылықтары жөнінде сөз қозғады.

- «Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау ерекшеліктері: теория және тәжірибе мәселелері» тақырыбында Алматы облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрайымы Ж.А. Бейімбетованың қатысуымен ғылыми семинар өткізілді;

- «ҚР Азаматтық процеске енген өзгерістер мен толықтыруларды тәжірибеде қолданудың өзекті мәселелері»тақырыбында студенттердің ғылыми-тәжірибелік конференциясы ұйымдастырылып, студенттердің мақалалары жинақталды;

- «Қазақстандағы еңбек миграциясы: мәселелері және шешу жолдары» атты ғылыми семинар өткізілді.

Кафедрада да «Заңгер», «Криминалист» және «Әділет» студенттік ғылыми үйірмелері жұмыс жасайды. Кафедра қайта құрылғаннан кейін бұл үйірмелер білім беру қызметінің дербес бағытын көрсететін болып сақталды. Әдетте, ғылыми үйірмелердің мүшелері студенттік конференциялардың, олимпиадалардың және басқа да ғылыми студенттік форумдардың белсенді қатысушылары болып табылады.

Кафедра базасында Абай атындағы ҚазҰПУ қабырғасында "Заң клиникасы" өз қызметін белсенді дамытуда.

Заң клиникасының жұмысында келесі бағыттарға бөлінеді:

1. Консультациялар түрінде жүзеге асырылатын тегін заң көмегі: жеке (заң көмегіне мұқтаж адам алдын ала жазылу бойынша белгілі бір уақытта заң клиникасына жеке өзі келеді); қашықтықтан (азаматтарға электрондық пошта немесе кәдімгі пошта арқылы кеңес беру); телефон арқылы (консультант студенттер азаматтардың қарапайым заңдық сұрақтарына жауап береді, бірақ егер мәселе жеткілікті күрделі болса, құжаттарды талдауды талап етеді, содан кейін кездесуге жазылуға ұсыныс беріледі). Осы қызмет шеңберінде ЖОО білім алушылары

практикалық қызмет дағдыларын алады, олар өтініштер, шағымдар, хаттар және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасауға көмектеседі.

2. Ғылыми қызмет - бұл заңдық клиникалық білім беру, заң клиникаларының қызметі және азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелеріне арналған халықаралық, республикалық және қалалық деңгейдегі ғылыми іс-шараларды (конференциялар, дөңгелек үстелдер және т.б.) ұйымдастыру және өткізу. Барлық кеңесші студенттер ғылыми қызметке қатысады, конференцияларда сөз сөйлейді. Баяндама тақырыптары әртүрлі құқықтық аспектілерді қамтиды: отбасы, еңбек, қылмыстық, азаматтық, ювеналды, әкімшілік, экологиялық және салық құқығы, криминология және криминалистика. Сарапшылар ретінде кафедраның және құқықтық білім саласындағы практиканың жетекші оқытушылары шақырылады.

3. Құқықтық сауаттылық - жастар арасында құқықтық білімді (құқықтық мәдениетті) тарату (арттыру), қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарды және оларды қолдану практикасын түсіндіру бойынша арнайы ұйымдастырылған қызмет. Құқықтық сауаттылықтың мақсаты-жастардың багажында құқықтық білімді жинақтау, олар үшін маңызды құқықтық ақпаратты бағдарлай білу және өз қызметі мен өмірінде нормативтік құқықтық құжаттарды қолдана білу. Құқықтық білім адамға жанжалды жағдайларды дұрыс талдауға және осы жанжал субъектілерінің әрекеттеріне құқықтық баға беруге мүмкіндік береді. Бұл бағыт көшпелі заң мектептерін, оқушыларға арналған үйірмені (9-11 сыныптар) қамтиды. Көшпелі құқықтық мектеп шеңберінде клиника басшысы, оқытушы-куратор және студент-консультанттар оқу орындарында құқықтық тақырыптар бойынша дөңгелек үстелдер, дәрістер өткізетін болады. Оқушылар құқықтық білім мен оларды практикада қолдану, өз қызметінде нормативтік құқықтық құжаттарды пайдалану, шағын топтарда жұмыс істеу дағдыларын; коммуникативтік даму, құқықтық ойлау және нақты құқықтық жағдайларды талдау дағдыларын (кейс-әдіс) меңгереді. Құқықтық мектеп білім алушыларда құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

Жылдық есеп 2 (екі) бөліктен тұрады. Жылдық есептің бірінші бөлігінде төмендегі ақпараттарды қамтитын талдамалық сипаттама нысанында ғылыми-зерттеу қызметі бойынша нәтижелер ұсынылды:

1. ПОҚ жобалау қызметі:

- Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын ПОҚ үлесі 52% құрайды;

ҚР ҒЖБМ қаржыландыратын ғылыми жобалардың болуы мен іске асырылуын бағалау, олардың кафедралардың білім беру бағдарламаларына сәйкестік дәрежесі (ҒжЖБМ №116 бұйрығына сәйкес әрбір ББ зерттеу жобасымен қамтамасыз ету) - "6В04202 – Құқықтану", "6В04201-Құқықтану: сот-прокурорлық қызмет"; 7М04201 – Құқықтану (НПН); 7М04201 - Құқықтану (бейіндік), 6В01406-Құқық және кәсіпкерлік негіздері келесі ғылыми зерттеу жобаларымен қамтамасыз етілген: «Адамдардың жекелеген санаттарын чиптеу арқылы құқық бұзушылықтың кейбір түрлерін жасауға қарсы іс-қимыл шаралары», «Қазақстандағы лудоманияны интегративті зерттеу және оны азайтудың көпсалалы стратегиялары», «Қазақстандағы білім беруді құқықтық реттеу проблемаларын, балалардың құқықтарын қорғау жүйесін зерттеу», «Қазақстан Республикасында интеграциялық процестерді дамыту жағдайындағы азаматтық және азаматтығы жоқтықты қысқарту», «Қалыптыдан кейінгі кезеңдегі исламның рухани-мәдени, саяси,

әлеуметтік құбылыс ретіндегі әсері мен перспективалары: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі»;

- Жобаларды оқу бағдарламасына енгізу дәрежесі – перспективалар мен мүмкіндіктерді талдау:

«Адамдардың жекелеген санаттарын чиптеу арқылы құқық бұзушылықтың кейбір түрлерін жасауға қарсы іс-қимыл шаралары», «Қазақстандағы лудоманияны интегративті зерттеу және оны азайтудың көпсалалы стратегиялары», «Қазақстан Республикасында интеграциялық процестерді дамыту жағдайындағы азаматтық және азаматтығы жоқтықты қысқарту», «Қалыптыдан кейінгі кезеңдегі исламның рухани-мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыс ретіндегі әсері мен перспективалары: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі» ғылыми жобалары 1,2 курс магистратурасының ғылыми-білім беру процесіне енгізілген, яғни 7М04201 – Құқықтану (НПН); 7М04201 - Құқықтану (бейіндік) мамандықтарында, 5 ECTS көлемінде;

- Кіші грант бағдарламасы бойынша ЖОО грантын алған жас ғалымдардың саны – 1:

«Қазақстандағы білім беруді құқықтық реттеу, балалардың құқықтарын қорғау жүйесін зерттеу» тақырыбындағы «Жас ғалым» жобасының негізінде Г.Н. Рахимовамен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Құқықтану кафедрасымен дайындалған, барлық білім беру бағдарламаларына таңдау MINOR пәндеріне жоба негізінде төмендегі тақырыптар ұсынылып, енгізілді:

- Пән атауы: Кәмелетке толмағандардың мәртебесін қамтамасыз етудегі құқықтық стандарттар

Ұсынылып, енгізілген тақырыптар:

- Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі
- Кәмелетке толмағандарды әлеуметтік - құқықтық қорғау
- Балалардың құқықтарын қорғау
- Пән атауы: Педагогтардың құқықтары мен бостандықтары, заңды мүдделерін қорғау

Ұсынылып, енгізілген тақырыптар:

- ҚР бала құқығын қорғау
- Білім алушылардың құқықтық мәртебесі
- Бала және қоғам

- Жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) немесе бизнес өкілдерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми жобалардың болуы - жоқ;

- Университет ПОҚ-ның ҒЗИ және ҚР басқа да ғылыми ұйымдарының жобаларына қатысуы - жоқ;

- Үкіметаралық келісімдер негізінде халықаралық ынтымақтастық шеңберіндегі ғылыми жобалар мен бағдарламалардың саны - жоқ;

- Сандық платформаны қолдану арқылы жүргізілген зерттеу:

«Адамдардың жекелеген санаттарын чиптеу арқылы құқық бұзушылықтың кейбір түрлерін жасауға қарсы іс-қимыл шаралары», «Қазақстандағы лудоманияны интегративті зерттеу және оны азайтудың көпсалалы стратегиялары», «Қазақстандағы білім беруді құқықтық реттеу проблемаларын, балалардың құқықтарын қорғау жүйесін зерттеу», «Қазақстан Республикасында интеграциялық процестерді дамыту жағдайындағы азаматтық және азаматтығы жоқтықты

қысқарту», «Қалыптыдан кейінгі кезеңдегі исламның рухани-мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыс ретіндегі әсері мен перспективалары: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі» жобаларында ҒЗЖ заманауи әдістерін қолдану.

- Ғылыми жобаларға жас зерттеушілерді тарту дәрежесі 20% құрайды;
- ПОҚ және білім алушылар іске асырған стартап жобалар - жоқ;
- Кафедрада постдокторанттар мен зерттеуші профессорлардың болуы 1 ПОҚ құрайды;
- ПОҚ - 7 ҒЗЖ шеңберінде алынған патенттер мен авторлық куәліктердің болуы;
- Шәкіртақылар мен мемлекеттік ғылыми сыйлықтардың иегерлері - жоқ;
- 2024 жылы ҚР "Үздік ғылыми қызметкер", "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" атақтарының иегерлері - жоқ;
- Ғылым және техника саласындағы халықаралық және/немесе Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты атағының иегерлері - жоқ;

Кафедрада оқу зертханаларының болуы: Құқықтану кафедрасының базасында екі зертхана жұмыс істейді: №1 зертхана - "Криминалистика" пәні бойынша тәжірибе сабақтары өтеді, №2 зертхана - "Сот сараптамасы" пәні бойынша практикалық және зертханалық сабақтарды өткізу үшін қажетті заманауи жабдықтармен жабдықталған.

Кафедра пәндері бойынша сабақтар ҚР ҰҒА академигі Г. С. Сапарғалиев атындағы кабинетте өткізіледі, сондай-ақ сабақтарды өткізу кезінде қолданылатын интерактивті тақталар жұмыс істейді;

- Есепті жылы ғылыми зерттеулер жүргізу үшін заманауи жабдықтармен жарақтандыру - 4 (607, 609, 707, 709 каб.) дәріс залы интерактивті тақталармен жабдықталған;

2. ПОҚ-ның ғылымометриялық көрсеткіштері:

- Scopus және/немесе WOS - базаларында индекстелетін журналдардағы жарияланымдар саны- 19;
- Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингтік басылымдарындағы ПОҚ мақалалары мен шолуларының саны - Құқықтану кафедрасының қол жетімді басылымдарының ішінде жоғары бағаланған басылымдар Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жеті басылымды құрайды;
- Бір ПОҚ үшін дәйексөз көрсеткіштері: Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы келесі көрсеткіштерге ие: Бурибаев Е.А. – Хирш индексі 16; Хамзина Ж.А. - 16; Қасымбек А., Тайторина Б.А., Бижанова А.Р., Құсайынов С.Ж. – 3; Рахимова Г.Н., Көшпенбетов Б.М., Қалқаева Н.Б., Белхожаева Д.Ж., Сайлыбаева Ж.Ю., Тұрлыханқызы Қ., Исабаева Ж.Н., Сералиева А.М. Хирш индексі -2;

Бір басылымға баға белгілеу көрсеткіштері – кафедраның 15 басылымының бір басылымына жеті рет сілтеме жасалды. Бірақ бұл мақалалар енді ғана жарық көргендіктен, жоғары SciVal көрсеткіштеріне сүйене отырып, оларға белсенді сілтеме жасалады деп ойлаймыз;

- Scopus және Web of Science (SciVal және Clarivate аналитикалық деректері) ТДМ саласында жарияланымдардың болуы – кафедраның 15 басылымының ішінде тұрақты даму мақсаттары саласындағы алты жарияланымы күрделі жаһандық сын-қатерлерді шешу үшін тұрақты даму мақсатына негізделген белсенді өзгерістер жоспарын көздейді;

- Шетелдік серіктестермен бірлесіп жазған жарияланымдар саны (scival аналитикалық деректері) – жоқ;

- ҚР ҒжЖБССҚЕҚ ұсынған журналдардағы жарияланымдар саны - ҚР ҒжЖБ түрлі журналдарында 15 мақала жарияланған;

- Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage баспаларында жарияланған ғылыми монографиялардың авторлығының болуы - жоқ;

- ҚР мектептеріне арналған монографиялардың, оқулықтардың, мұғалімдерге арналған құралдардың, ҚР жоғары оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құралдардың болуы 7 еңбекті (2 монография, 4- ЖОО оқу құралы, 1-оқу-әдістемелік құрал) құрайды;

3. Халықаралық және республикалық ғылыми ынтымақтастық желісі:

- Әлемнің жетекші университеттерінде ғылыми тағылымдамалар бағдарламасынан өткен профессорлық-оқытушылар құрамы - жоқ;

- 13.04.2024 з.ғ.к., кафедра меңгерушісі Сайлибаева Ж.Ю. PHIHUA халықаралық білім беру технологиялық орталығының арнайы шақыруымен Бейжің қаласында өткен Қытай халықаралық білім көрмесіне (CIEET-2024) қатысты.

- Біліктілікті арттырудан және шетелдік тағылымдамадан өткен ПОҚ білімі - 43 біліктілікті арттыру курсы; 4 адам шетелдік тағылымдамадан өтті:

- 16.04.-16.05.2024 арасында з.ғ.д., проф. Тайторина Бинур Адамовна Польшадағы Гданьск университетіің ұйымдастыруымен өткен "Заң ғылымдары саласындағы зерттеулердегі инновациялық әдіснамалар: теория мен практиканы біріктіру" атты онлайн тағылымдамасынан өтті;

- 19.03.2024-19.04.2024 ж. з.ғ.к. Сералиева А.М.. Мәскеу қ. М.В. Ломоносов атындағы ММУ-де "Криминалистика мен сот сараптамасындағы цифрлық технологиялар теориялық және қолданбалы аспектілер" тақырыбы бойынша онлайн тағылымдамадан өтті;

22.01-07.02.2024 аралықтарында кафедраның қауымдасқан профессор міндетін атқарушы Казиева А.Н. "Білім беру саласындағы инновациялық технологиялар және цифрлық құралдар" қосымша кәсіптік білім беру бағдарламасы бойынша оқыту бойынша Ресей Федерациясының Бийск қаласында В.М. Шукшин атындағы ПМПУ онлайн тағылымдамадан өтті;

- 27-30 мамыр 2024 кафедраның қауымдасқан профессор міндетін атқарушы Казиева А.Н. Стамбул Университеті, Low Факультетінің ұйымдастыруымен «Адамдардың жекелеген санаттарын бұзу арқылы құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін жасауға қарсы іс-қимыл шаралары" атты ғылыми тағылымдамадан өтті;

- 26-31 мамыр2024 ж. ҚР ҒЖБМ ҒК ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бағдарламасы бойынша, Түркия мемлекеті, Стамбул қаласындағы Стамбул университетінің заң факультетінде ұйымдастырылған ғылыми семинарға кафедраның қауымдасқан профессор міндетін атқарушы Казиева А.Н. қатысты;

- 17.05.-23.05.2024ж. кафедраның қауымдасқан профессор міндетін атқарушы Кусаинов С.Ж. Москва қ. "Global Scical: жаңа білім қоры 11 ұлттық Жарияланымдар байқауына қалай қатысуға және өз жұмысын тегін жариялауға болады" тақырыбындағы семинарға қатысты;

- «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты – Рахимова Г.Н. «Болашақ» бағдарламасының стипендиясы тағайындалды, тек виза мәселесінің шешілмеуі себепті тағылымдама өту мерзімі кейінге шегертілді;

ПОҚ мен қызметкерлердің сыртқы ғылыми ұйымдардың ғылыми іс-шараларына қатысуы:

- Кафедра Назарбаев Университетімен, сот сараптамасы орталығымен, Қонаева Университеті мен әл-Фараби атындағы ҚазҰ У Экономика және құқық академиясы, ҚР ІІМ Академиясымен ынтымақтастықты жүзеге асырады. Кафедраның ПОҚ "Қазақстан заңгерлер одағы" Республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалының мүшелері болып табылады, олармен бірлесіп біліктілікті арттыру курстарын, конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізді.
- 2024 жылы 10 қазанда мектептермен байланыс аясында университеттің қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к. Эльмира Полатқызы Кенжибекова мен қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к. Жанель Юрсуновна Сайлибаева «Кәмелетке толмағандардың заңды жауапкершілігі» тақырыбына қонақ дәрісін өткізді;
- 18.11.2024 жылы Алматы қаласы, Алатау ауданы, 201 мектеп-гимназиясының платформасында ұйымдастырылған Алатау ауданына қарасты мектептеріне үшін Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық факультеті, Құқықтану кафедрасының профессоры Мейірбекова Гүлжазира Болатовна мен PhD, аға оқытушы Рахимова Гакку Нурлановна мұғалімдеріне «Білім берудегі құқықтық сауаттылықты қалыптастыру» тақырыбында ғылыми-әдістемелік семинар өткізді;
- 23.10.2024 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-де кафедра оқытушылары з.ғ.к., университеттің қауым.профессоры Э.П.Кенжибекова және з.ғ.к., университеттің қауым.профессоры Ж.Ю.Сайлибаева Талдықорған қаласынан келген «INNOVERSE HIGH SCHOOL» жеке мектебінің оқушыларымен мамандықпен танысу мақсатында ашық есік күні өткізілді.
- Ғалымдардың, бизнес өкілдерінің, жұмыс берушілердің және стейкхолдерлердің қатысуымен диалог алаңдарын ұйымдастыру – 22-кестеде кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының әртүрлі қатысулары көрсетілген;
- 2024 жылы 23 қараша 9-11 сынып арасындағы Облыстық мектеп оқушылары арасындағы ғылыми жобалар байқауында кафедра оқытушылары PhD, аға оқытушы Рахимова Гакку Нурлановна мен PhD, аға оқытушы Қасымбек Алия Орынбасарқызы әділқазылық етті.
- 2024 жылы 19-21 қараша аралығында «Жетісу дарыны» орталығы 9-11 сынып оқушылары арасындағы РЖҒК-де кафедра оқытушылары Жазылбек Л.И., Кенжибекова Э.П.) 2024-2025 жылғы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалар конкурсының (РЖҒК) облыстық кезеңінің әділ-қазылар алқасының мүшесі болды;
- 5-6 желтоқсан 2024 жылы з.ғ.к., каф.меңгерушісі Сайлибаева Ж.Ю. 9-11(12) класс мектептеріне арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде жюри төрағасы болды;
- Шетелдік университеттердің кафедраларымен, ҒЗИ және ғылыми ұйымдармен ынтымақтастық, келісімдерге қол қою - жоқ;

- Ғылыми зерттеулер саласындағы шет елдердің мемлекеттік, мемлекеттік емес, қоғамдық және халықаралық ұйымдарымен ынтымақтастық (ERASMUS +, DAAD, ЮНЕСКО, ИСЕСКО, СДФ, ХҒТО, ИНТАС, COMSTECH ИЫҰ, ШЫҰ, ЭЫҰ және т. б.);

4. Студенттің, магистранттың, докоранттың ғылыми-зерттеу қызметі:

- Халықаралық, республикалық ғылыми конкурстарда, олимпиадаларда және т. б. докоранттардың, магистранттар мен студенттердің марапаттары, грамоталары мен дипломдары – түрлі іс-шараларда 13 марапаттар;

12.10.2024 жылы Тарих және құқық институтының Құқықтану кафедрасының "6В04202-Құқықтану" білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінің ұйымдастыруымен өткен Халықаралық ЖОО аралық «Үздік гипс құймасы" атты тақырыптағы конкурста з.ғ.к. Құсаинов С.Ж. пен з.ғ.к. Хведелидзе Т.Б. жетекшіліктерімен Аралбаев А, Бекназар А, Тағабай Б, Әкім Ә. – 1 дәрежелі дипломды; "Үздік атқыш" Халықаралық ЖОО аралық байқауында Сундетбек Аскар – 2 дәрежелі дипломды, Ни Марина – 2 дәрежелі дипломды, Хван Ильяна – 3 дәрежелі дипломды, Халықаралық ЖОО аралық "Дактилоскопия мен дактилоскопиялық сараптаманың заманауи мүмкіндіктері" конкурсында Сундетбек Аскар – 3 дәрежелі диплом; Халықаралық ЖОО аралық «Криминалистің үздік альбомы» конкурсында Камардин Елікай – 1 дәрежелі дипломды; Кенжалы Аяулым – 2 дәрежелі дипломды иеленді.

09.02.2024 ж. Fortune Partners компаниясы ұйымдастырған Орталық Азияның заңгер-студенттеріне арналған Қазақстан Республикасының құқығы бойынша Asia Zangeri сот оқу процесінде Доцент Меирбекова Г.Б. жетекшілігімен Шамет Дания Құрбанбекқызы, Қабылова Айым Қайратқызы, Боханова Айдана Шыңғысқызы., Жумадильдинова Аружан Бексултановна, Абақан Ақнұр Тұрғанбайқызы, Ален Абылай Жамбылұлы қатысқан команда 2 орынды иеленді.

Оқу процесінде кафедра ПОҚ студент, магистрантарды ғылыми іздену жұмыстарын жүргізуге баулып отырады. Оның нәтижесі, "6В04202-Құқықтану" білім беру бағдарламасы бойынша 14 студенттің жарық көрген ғылыми мақалаларын айтуға болады.

Диссертация қорғаған магистранттар мен докоранттардың саны – екі магистрант диссертация қорғады. Магистрлік диссертацияны сапалы дайындап жазу магистранттардың маңызды қорытынды жұмысы, әрі оның кәсіби мамандығымен ұштасатындығын МАК төрағасы атап өтті. Магистрлік диссертация магистранттың кәсіби білім деңгейін көрсетеді. Магистрлік диссертацияда магистранттардың ізденіс нәтижелері, негізгі өзекті мәселелерді шешу жолдары, оның тәжірибелік маңызы ескерілген.

2024 жылы кафедра оқытушылары Рахимова Г.Н. мен Қасымбек А.О. докторлық диссертациясын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінің Диссертациялық Кеңесінде қорғап, PhD докторы дәрежесін алды.

Құқық магистрі, аға оқытушы Белхожаева Д.Ж. PhD докторы дәрежесін алу үшін 06.12.2024 ж. диссертациясын қорғаудан өтті.

Былтырғы жылмен салыстырғанда тақырыптар толық өзгертілген, магистрлік диссертация жазуда, ғылыми жетекшілер мен бітірушілер үлкен жауапкершілікпен келген.

Сараптама шешіміне келер болсақ, қорғаған магистранттар өте жоғары теориялық, практикалық білімдерін көрсете білді. Магистрлік диссертацияны жазып қорғауда институт магистранттары мен ғылыми жетекшілері үлкен жетістіктерге жеткен;

- Студенттердің дипломдық жұмыстарын, магистрлік және докторлық диссертацияларды дайындау кезінде сыртқы ғылыми ұйымдардың әлеуетін пайдалану – 6В04202-Құқықтану ББ бойынша бітіруші курсы студенттерінің дипломдық жұмыстарын дайындау кезінде сыртқы ғылыми ұйымдардың ғылыми әлеуеті негізінен әзірленген жобаларға рецензиялар дайындау және мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысына қатысу үшін пайдаланылады. Кафедра бекіткен тақырыптар тізімінен дипломдық жобаларды әзірлеуге ғылыми жетекшілік етуді ПОҚ осындай жұмыс түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырды. Ғылыми зерттеулердің тақырыптарын таңдау мен әзірлеудегі басты критерий - олардың өзектілігі, жаңалығы және кем дегенде үш жыл ішінде қайталанбауы болды. Кафедра түлектері орындалған дипломдық жұмыстарға жетекші заң ғылымдарының ғалымдары мен заңгер-практиктерден, құқық қорғау жүйесінің қызметкерлерінен сыртқы шолу алды. Ғылыми - зерттеу жұмысы студенттердің ғылыми және ғылыми қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді болып табылады, өйткені бұл оқу процесінің маңызды формаларының бірі. Біздің кафедраның барлық студенттері зерттеу жұмыстарымен айналысады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы (СҒЗЖ) университетте мамандар даярлаудың міндетті, органикалық ажырамас бөлігі болып табылады және оқу және ғылыми процестердің бірлігі негізінде шешілетін ҚазҰПУ-дың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады;
- Сыртқы ғылыми ұйымдарда докторанттар, магистранттар және студенттер практикасын өткізу - Құқықтану кафедрасы практика базасын қалыптастыруға көп көңіл бөледі, басшылар студенттердің, магистранттардың практикасын ұйымдастыруға тиісті жауапкершілікпен қарайтын ұйымдарды мұқият таңдайды. Көбінесе студенттер, магистранттар болашақта практикадан өтетін жерге жұмысқа орналасады.

Құқықтану кафедрасы практика базасы ретінде төменде көрсетілген мемлекеттік мекемелермен кілісім-шартқа отырған:

1. Бас прокуратура, қалалық, облыстық, аудандық прокуратуралар, Жетісу көлік прокуратурасы;
2. Қалалық, аудандық, облыстық және мамандандырылған соттар;
3. Әділет министрлігі, Әділет департаменті, Әділет басқармасы;
4. Алматы қаласының Ішкі істер департаменті, Желілік полиция бөлімі, аудандық Ішкі Істер басқармасы, аудандық полиция бөлімі, қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
5. Нотариаттық кеңселер;
6. Алматы қаласы Адвокаттар алқасы;
7. Жеке сот орындаушы органдар;
8. Аудандық әкімдіктер;
9. ЖШС заң бөлімдері және акционерлік қоғамдар.

Студенттер, магистранттар міндетті түрде өтетін өндірістік тәжірибе кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға және практикалық жұмыс дағдыларын игеруге ғана

емес, сонымен қатар болашақ мамандықты таңдауға, көбінесе жұмысқа орналасуға көмектеседі.

Өндірістік практика оқу процесінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Ол студенттердің, магистранттардің оқу процесінде алған теориялық білімдерін бекітуді, болашақ мамандықтың дағдыларын игеруді және жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Өндірістік практика барысында студенттер, магистранттар құқық қорғау және әкімшілік органдар жүйесімен, заң шығару және құқық қолдану процестерімен танысады.

Құқық қорғау органдарында, мемлекеттік бөлім және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, адвокатурада, заң фирмаларында және әртүрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындардың (мекемелердің) құқықтық қызметтерінде тәжірибе тиісті органның немесе ұйымның қызметін реттейтін заңнаманы зерделеуден басталады (осы материалдардың тізбесін тиісті органдағы немесе ұйымдағы практика басшысы айқындайды).

Өндірістік практиканың арқасында студент, магистрант жалпы мәдени және кәсіби құзыреттілікке ие болады. Өзінің тікелей басшысының бақылауымен практикант органда немесе ұйымда жұмыс істеу құрылымын, ұйымдастырылуын және тәртібін, сондай-ақ осы органның немесе ұйымның қызметкерлерінде жұмыс істейтін кіріс және шығыс құжаттарымен материалдарды зерделейді. Сонымен қатар, практикадан өту кезінде студент, магистрант осы органда немесе ұйымда өткізілетін барлық ұйымішілік іс-шараларға белсенді қатысуы тиіс.

Практикант құқық қорғау органының жұмысында қолданылатын процестік әрекеттерді жүргізуге қатысады.

Өндірістік практиканың мақсаты студенттердің, магистранттардың кәсіби дағдыларын игеру, теориялық материалды зерделеу кезінде алған білімдерін бекіту, практикалық тәжірибе жинақтау, Құқықтану саласында жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби ойлауды дамыту болып табылады.

Практика басталар алдында практикаға жауапты тұлға «кету конференциясын» өткізеді, соның шеңберінде практика бағдарламасына сәйкес кеңестер өткізеді, практиканың тиісті түрінің мақсаттары мен міндеттерін түсіндіреді, күнделіктер мен практикаға жолдамалар береді. Сондай-ақ практикадан өту барысын бақылауды жүзеге асырады, есептерді қорғауды қабылдайды және олардың нәтижелері бойынша тиісті баға қояды.

Практикадан өту нәтижелерін бағалау практика бойынша есепті қорғау жолымен жүзеге асырылады. Білім алушылардың ағымдағы оқу жылындағы практика бойынша барлық есептері мен күнделіктері кафедрада сақталады.

- Докоранттардың, магистранттардың және студенттердің сыртқы ғылыми ұйымдардың ғылыми іс-шараларына қатысуы - кафедрада Абай атындағы ҚазҰПУ студенттері мен магистранттарының жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференциясының жұмысы барысында секциялық отырыстар белсенді өткізіледі. Студенттерді конференцияға қатысуға дайындау сапасы және олардың секцияда сөйлеген сөздері жақсарып келеді;
- Шетелдік университеттерде тағылымдамадан өткен білім алушылар саны-жоқ;

- ПОҚ-ның жалпы санынан оқу процесіне тартылған жұмыс берушілердің, бизнес құрылымдардың үлесі %;
- Оқытушылар іске асырған немесе іске асыратын стартап жобаларды іске асыру - жоқ.

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім		
Жобалау қызметі бойынша талдамалық сипаттағы жылдық есептің сипаттамасы ……		**2**
ПОҚ ғылымиметрикалық көрсеткіштері бойынша аналитикалық сипаттағы жылдық есебі.....……		**7**
Халықаралық және республикалық ғылыми ынтымақтастықтардың болуы туралы талдамалық сипаттағы жылдық есебі ……		**8**
СҒЗЖ, МҒЗЖ, ДҒЗЖ бойынша аналитикалық сипаттағы жылдық есеп ……		**10**
Екінші бөлім		
Кесте 1.	Есепті жылдағы қызметкерлер құрамы (бөлімше атауы) .....……	**16**
Кесте 2.	ҚР ҒжЖБМ және ҚР басқа да ұйымдары қаржыландыратын жобаларға қатысқан ПОҚ тізімі ……	**22**
Кесте 3.	Абай атындағы ҚазҰПУ қаржыландырылатын жобаларға қатысқан ПОҚ тізімі……	**23**
Кесте 4.	Халықаралық ғылыми, білім беру жобаларына қатысқан ПОҚ тізімі …	**23**
Кесте 5.	ПОҚ іске асырған стартап жобалардың тізімі ……	**23**
Кесте 6.	Жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) немесе бизнес өкілдері қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми жобалардың тізімі……	**23**
Кесте 7.	Патенттер мен авторлық куәліктерді алған ПОҚ тізімі ……	**23**
Кесте 8.	Scopus, WOS базаларында индекстелген журналдарда жарияланған мақалалар тізімі ……	**25**
Кесте 9.	ҚР ҒжЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда жарияланған ғылыми мақалалардың тізімі ……	**28**
Кесте 9/1.	Жақын шетел басылымдарында жарияланған ғылыми мақалалардың тізімі	**30**
Кесте 9/2.	Алыс шетел басылымдарында жарияланған ғылыми мақалалардың тізімі	**31**
Кесте 9/3.	ҚР басқа журналдарында жарияланған ғылыми мақалалар тізімі ……	**32**
Кесте 9/4.	Жақын шетелдегі ғылыми конференциялардың материалдарында / жинақтарында жарияланған тезистер / мақалалар тізімі ……	**34**
Кесте 9/5.	Алыс шетелдегі ғылыми конференциялардың материалдарында / жинақтарында жарияланған тезистер / мақалалар тізімі ……	**35**
Кесте 9/6.	ҚР ғылыми конференцияларының материалдарында/жинақтарында жарияланған тезистер / мақалалар тізімі.....……	**37**
Кесте 10.	Жарияланған монографиялардың, рейтингтік басылымдардағы монографиядағы тараулар тізімі ……	**43**
Кесте 10/1.	ҚР мектептеріне арналған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың тізімі	**44**
Кесте 10/2.	Жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар тізімі ……	**44**
Кесте 10/3.	Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарының тізімі ……	**44**
Кесте 10/4.	Жоғары оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құралдардың тізімі …	**45**

Кесте 11.	Шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы ақпарат	**45**
Кесте 12.	ҒЗИ, мектептермен, лицейлермен, колледждермен және т. б. ынтымақтастық туралы ақпарат.	**45**
Кесте 13.	Біліктілікті арттыру курстарынан өткен ПОҚ тізімі ……	**47**
Кесте 14.	Қазақстан бойынша ғылыми іссапарларды жүзеге асырған ПОҚ, магистранттар мен докоранттардың тізімі ……	**51**
Кесте 15.	ПОҚ, магистранттар мен докоранттардың шетелдік ғылыми іссапарлар тізімі ……	**51**
Кесте 16.	Диссертация қорғаған ПОҚ, магистранттар мен докоранттардың тізімі	**52**
Кесте 17.	Студенттер мен магистранттар – ғылыми конкурстардың жеңімпаздары…	**52**
Кесте 18.	Студенттер іске асырған стартап жобалардың тізімі ……	**54**
Кесте 19.	Студенттердің жарияланымдарының тізімі ……	**55**
Кесте 20.	Магистранттардың жарияланымдарының тізімі ……	**57**
Кесте 21.	Докоранттардың жарияланымдарының тізімі ……	**57**
Кесте 22.	2024 жылы өткізілген ғылыми іс-шаралар, конференциялар туралы ақпарат	**58**
Кесте 23.	БАҚ, радио, теледидар және т. б. жарияланымдар мен сұхбаттар тізімі……	**58**
Қорытынды.....		**60**
Қосымша		
Патенттер мен авторлық куәліктердің ламинатталған көшірмелері ……		**61**
Scopus, WOS базаларында индекстелетін журналдарда жарияланған мақалалар……		**66**
Scopus, WOS журналдарында жарияланған мақалаларға сілтеме жасау базасының сайтынан скриншот……		**-**
Есепті жылы жарияланған монографиялардың 1 данасы …….....		**88**
Монографиялардың, оқулықтардың, оқу құралдарының титулдық және соңғы парағының көшірмелері ……		**95**
Студенттер мен магистранттар алған грамоталардың, дипломдардың және басқа да марапаттау құжаттарының көшірмелері ……		**113**
Шетелдік ЖОО, ҒЗИ және ғылыми ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері …		**-**
Барлағы		**184**

КЕСТЕЛЕР

Кесте 1

Құқықтану кафедрасының қызметкерлер құрамы (желтоқсан 2024 ж.)
(*бөлімше атауы****)***

№п/п	Аты-жөні	Қызметі	Туған күні, жылы	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Мамандық шифры	Құрмет атақтары	Мемлекеттік сыйлықтар, гранттар, марапаттар	Жұмыспен қамту ставкасы	Абай ҚазҰПУ-дың
1	Сайлибаева Жанель Юрсуновна	з.ғ.к., қауым.проф. (доцент) м.а.	22.11.1979	з.ғ.к.	12.00.06 - экологическое право			100%	
2	Апенов Серик Мейрамович	з.ғ.к., қауым.проф.	27.08.0968	з.ғ.к., қауым.проф.	12.00.08 – уголовное право			25%	
3	Байсымакова Дана Сабитовна	аға оқытушы	22.04.1974					100%	
4	Байдильдина Адиля Манатовна	э.ғ.д., доцент	16.12.1963	д.э.н., доцент	08.00.05 - Экономика и управление народным хозяйством (по отраслям и			25%	

					сферам деятельности)				
5	Белхожаева Динара Жомартовна	аға оқытушы	15.10.1975					100%	
6	Бижанова Айгуль Рабхановна	з.ғ.д., қауым.проф.	13.09.1974	з.ғ.д., қауым.проф. (доцент)	12.00.08 – уголовное право			100%	
7	Досжанов Болат Булатович	з.ғ.д., аға оқытушы	16.02. 1981	з.ғ.д.	12.00.02 конституционное право, административное право, финансовое право, муниципальное право			100%	
8	Жазылбек Лаззат Исатаевна	Университет доценті	08.05.1962					100%	
9	Исабаева Жанылсын Нагашыбаевна	аға оқытушы	22.07.1967					100%	
10	Казиева Асель Негметовна	э.ғ.к., аға оқытушы	26.08. 1974	э.ғ.к.	08.00.05 - Экономика и управление народным хозяйством (по отраслям и сферам деятельности)			100%	

11	Калкаева Несибели Бакытовна	з.ғ.к., қауым.проф.	27.01.1977	з.ғ.к., қауым.проф.	12.00.08 – уголовное право			100%	
12	Касымбек Алия Орынбасаровна	PhD, аға оқытушы	14.07.1977	PhD	6D030100-Юриспруденция			25%	
13	Кенжибекова Эльмира Полатовна	з.ғ.к., қауым.проф. (доцент) м.а.	24.03.1973	з.ғ.к.	12.00.09 – уголовный процесс; криминалистика; судебная экспертология; орд			100%	
14	Көшпенбетов Бактыгали Мухтарович	з.ғ.к., қауым.проф. (доцент) м.а.	29.01.1970	з.ғ.к.	12.00.02 конституционное право, административное право, финансовое право, муниципальное право			100%	
15	Кусаинов Сергазы Жагалбаилинович	з.ғ.к., қауым.проф. (доцент) м.а.	15.09.1966	з.ғ.к.	12.00.09 - криминалистика, уголовный процесс, оперативно-розыскная деятельность			100%	

16	Маликова Айгуль	з.ғ.к., қауым.проф.	29.01.1978	з.ғ.к., қауым.проф.	12.00.08 – уголовное право			25%	
17	Мейрбекова Гулжазира Болатовна	Университет доценті	20.08.1967					100%	
18	Молдахметова Жанар Еспаевна	аға оқытушы	22.03.1977					100%	
19	Молдахожаев Шакен Шабденович	аға оқытушы	10.02. 1963					100%	
20	Османова Гулайна Жалалыевна	PhD, қауым.проф. (доцент) м.а.	15.04.1978	PhD	6D030100-Юриспруденция			100%	
21	Рахимова Гакку Нурлановна	PhD, аға оқытушы	26.07.1984	PhD	6D030100-Юриспруденция			100%	
22	Сералиева Алия Мажитовна	з.ғ.к., қауым.проф.	19.05.1971	з.ғ.к., қауым.проф.	12.00.08 – уголовное право			50%	+
23	Тайторина Бинур Адамовна	з.ғ.д., профессор	28.02.1965	з.ғ.д., профессор	12.00.02 конституционное право, административное право, финансовое право, муниципальное право			100%	

24	Толеубекова Бахытжан Хасеновна	з.ғ.д., профессор	09.01.1950	з.ғ.д., профессор	12.00.08 + 12.00.09 уголовный процесс, уголовное право, криминология, уголовно-исполнительное право, криминалистика, орд.			100%	
25	Турлыханқызы Қуралай	аға оқытушы	04.02.1996					100%	
26	Хамзина Жанна Амангельдиновна	з.ғ.д., профессор	14.04.1976	з.ғ.д., профессор	12.00.02 конституционное право, административное право, финансовое право, муниципальное право			25%	
